

**Немеребаева Айгерим, PhD**  
Қазақ Гуманитарлық Заң Университеті  
Астана, Қазақстан Республикасы  
E-mail: [aigerim\\_nm@mail.ru](mailto:aigerim_nm@mail.ru)  
ORCID ID 0000-0002-2789-8530

## АЗАМАТТАРДЫҢ ЖИНАЛУ БОСТАНДЫҒЫ - МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ САЛАСЫНА ҚАТЫСУ ҚҰҚЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ФОРМАСЫ РЕТІНДЕ

**Nemerebaeva Aigerim, PhD**  
Kazakh Humanities and Law University  
Astana, the Republic of Kazakhstan  
E-mail: [aigerim\\_nm@mail.ru](mailto:aigerim_nm@mail.ru)  
ORCID ID 0000-0002-2789-8530

### FREEDOM OF ASSEMBLY - AS A FORM OF ENSURING THE RIGHTS OF CITIZENS TO PARTICIPATE IN PUBLIC ADMINISTRATION

**Annotation:** *A person can only engage in public administration through his political rights. In the field of political rights, many studies are being conducted at the international level for the freedom of assembly. This article describes freedom of assembly, i.e. peaceful assembly, rallies, and demonstrations. Explained that it is going to gather international descriptions of citizens' political rights, describing the legislation of the Republic of Kazakhstan. In addition, comparative analysis of constitutional norms on real rights in Poland, Ukraine and Turkey was made.*

**Keywords:** *Human rights and freedoms, public administration, citizenship, political rights, rallies, peaceful assemblies, international documents.*

**Аннотация:** *Адам өз саяси құқықтарын пайдалану арқылы ғана мемлекеттік басқару ісіне арласа алады. Саяси құқықтардың ішінде азаматтардың жиналу бостандығына халықаралық деңгейде көп зерттеулер жүргізілуде. Бұл мақалада азаматтардың жиналу бостандығы, яғни бейбіт жиналыстар, митингілер, демонстрациялар ұйымдастыру құқықтары туралы жазылған. Азаматтардың саяси құқықтарына арналған халықаралық құжаттарға, ҚР заңнамаларына сипаттама жүргізе отырып, азаматтардың жиналу бостандығына түсініктеме берілген. Сонымен қатар, Польша, Украина, Түркия мемлекеттеріндегі нақты құқыққа арналған конституциялық нормаларға салыстырмалы анализ жасалды.*

**Түйін сөздер:** *Адам құқықтары мен бостандықтары, мемлекеттік басқару, азаматтардың жиналу бостандығы, саяси құқық, митингілер, бейбіт жиналыстар, халықаралық құжаттар.*

Азаматтардың жиналу бостандығы бойынша халықаралық және жергілікті стандарттар екі құқықтық инструменттерге негізделеді: Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт және Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық конвенция.

Халықаралық пактің 21-бабына сәйкес «Бейбіт түрдегі жиналыстарды өткізу құқығы танылады. Бұл құқықты пайдалану тек демократиялық қоғамның мемлекеттік немесе қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіп мүдделерін, ел-жұрттың денсаулығы

мен имандылығын сақтау және басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау қажет етілетін, заңмен көзделген шектеулерден тыс шектеуге болмайды».[1]

Әрбір адамның бейбіт жиналыстар мен қауымдастықтар өткізу еркіндігі ДИАҚБ да (20-бап) айтылған. АСКХП-нің 21-бабында да бейбіт жиналыстар өткізу еркіндігіне құқық мойындалады. Ұқсас нормалар 1950 жылғы 4 қарашадағы Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарды қорғау туралы конвенцияда да камтылған.

Қазіргі уақытта қарсылыққа бейбіт жиналыстар өткізу еркіндігі мен құқықтар мәселелері анағұрлым өзекті болып келеді. БҰҰ адам құқықтарын қорғау жөніндегі кеңесі Бейбіт жиналыстар өткізу еркіндігі мен қауымдастықтар бостандығы жөніндегі арнайы баяндаушының постын құру туралы шешім қабылданды. Көптеген еуропалық мемлекеттерде жиналыстарды еркімен қалау турады жаңа заңдар қабылданды немесе қолданыстағы заңдарға түзетулер енгізілді.

Азаматтардың осы конституциялық құқығы «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы» 1995 жылғы 17 наурызындағы №2126 Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.

Жиналыстар арасында заң әдебиетінде қандай болмасын қоғамдық маңызды мәселелерді ұжымдық талқылау үшін арнайы бөлінген немесе бейімделген орындарда азаматтардың бірлесіп қатысуы түсіндіріледі. Митинг басым қоғамдық-саяси сипаттағы өзекті проблемалар сылтаулары бойынша қоғамдық пікірді жариялап білдіру үшін белгілі бір орында азаматтардың жаппай қатысуы ретінде анықталады. [2]

ЕҚЫҰ ДИАҚБ Сарапшылар кеңесі әзірленген бейбіт жиналыстарды өткізу еркіндігі бойынша басшылық принциптері жиналыс терминінің мынандай анықтамасын ұсынды: «қоғамдық орында қоғам мүддесін білдіру мақсатында адамдар тобының ниетті және уақытша қатысуы».[3] Сонымен қатар жиналу бостандығы ұғымына халықаралық стандарттарымен қорғалатын басқа да бірнеше категорияларды атап өтуге болады:

- Шеру (процессия) – жаяу, автомобильмен немесе басқа да көлік құралдарымен қоғамдық жолдарда жүру арқылы өз ойын білдіруге жиналған адамдар тобы;
- Пикет – алға қойылған мақсатқа жету үшін ерекше маңызы бар объектілердің жанында адамдар тобының жиналуы;
- Қоғамдық жерлерде немесе ашық алаңдағы митинг;
- Жеке меншікке тиесілі ғимараттардың ішінде өтетін митинг.

Біздің заңнамада осы жоғарыда аталып өткен митин, шеру, пикет, демонстрация сөздеріне түсініктеме берілмеген. Және де арқайсысына жеке заңнаманың жеке нормалары қарастырылмаған тек барлығына ортақ құқықтық режим қолданылған. Сонымен қатар заңнаманың 1 – бабына сәйкес жеке мүдделер мен қарсылық білдірудің қатарына қоғамдық орында аштық жариялау, киіз үйлер, шатырлар, өзге де құрылыстар тұрғызуды және пикет қоюды кіргізген. Осыған орай халықтың заң нормаларын нақты ұғыну үшін заңнамаға барлығына ортақ құқықтық режим қолданбай әрқайсысына жеке түсініктеме беру қажет екенін атап өтуге болады.

Конституцияның 12-бабының 5 тармағы «адамның және азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс» екенін бергілейді, ал 39- баптың 1- тармағы «адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен

имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектелуі мүмкін» екенін көздейді.[4]

Бейбіт жиналыстар өткізу туралы Заңның 7-бабының 1-бөлігіне сәйкес егер жиналысты, митингіні, шеруді, пикет коюды немесе демонстрацияны өткізудің мақсаты нәсілдік, ұлттық, әлеуметтік араздықты, діни төзімсіздікті, тектік астамшылдықты қоздыру, республиканың конституциялық құрылысын күш қолданып құлату, аумақтық тұтастығына қол сұғу, сондай-ақ ҚР Конституциясының, заңдары мен өзге де нормативтік актілерінің басқа қағидаларын бұзу болса, немесе оларды өткізу қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін болса, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның жергілікті атқарушы органы бұларды өткізуге тыйым салынатындығын атап өту қажет. [5]

Шет мемлекеттердің конституцияларда манифестация мен жиналу бостандығы формалары әртүрлі бекітілген. Салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, Польша мемлекетінің конституциясының 57 бабында: «Әркімге бейбіт жиналыстар ұйымдастыру мен оларға қатысу бостандығы қамтамасыз етіледі. Бұл бостандықты шектеу заңмен реттелуі мүмкін» – делінген. Кейбір конституцияларда бұл бостандықты құқық ретінде бекітеді. Мысалы Украина Конституциясының 39 бабына сәйкес: «Азаматтардың атқарушы билік органдарын немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдарын алдын ала хабарланатын бейбіт, қарусыз жиналыстар, митингілер, шерулер мен демонстрацияларға қатысуға құқығы бар. Осы құқықты жүзеге асыруына басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында, қылмыстың алдын алу мақсатында, ұлттық қауыпсіздік пен қоғам тәртібін қамтамасыз ету үшін заңға сәйкес сотпен шектеулер қойылуы мүмкін». Сонымен қатар кейбір конституцияларда жиналу бостандығын бекіте келе оны қамтамасыз ету ретін көрсетеді. Турция мемлекетінің конституциясының 34 бабында: «Әркім алдын ала рұқсатсыз қарусыз митингілер және демонстрациялар өткізуге құқығы бар» деп айтылған.

Тәжірибеде жиналыстарға қатысушылар мен мемлекеттік органдар арасында келіспеушіліктер туындайды. Әсіресе бұл жағдайлар бейбіт жиналу мақсатында халықтың мемлекеттік органдардан рұқсат сұрау процесінде пайда болады. Мемлекеттік органдар әртүрлі себептермен өз ойын білдіруші халыққа рұқсатын бермей жатады. Мысалы жақында ғана орын алған Алматы қаласының тұрғының бейбіт митинг өткізу үшін Алматы әкімдігіне өтініш жолдап орынсыз себеппен теріс жауап алғанын мысалға келтіруге болады. Сонымен қатар заңсыз жиынға қатысқаны үшін әкімшілік жазаға тартылып, кейін сотқа да шағымданып көрген қоғам белсенділері де өз наразылықтарын білдіруде.[6] Бұдан, жоғарыда отырған лауазымды тұлғалардың халықтың шындықты айтқанынан қорқуы ма әлде халық наразылығын өз мойнына алып шешімін табудан бас тартуы ма деген сұрақтар туындайды.

Айтылған себептерге және елімізде көптеп орын алып жатқан халық наразылықтарын ескере отырып 2007 жылы Варшавада қабылданған «Руководящий принцип по свободе мирных собрании» атты шығарылымында жиналулар өткізу пайдасына тоқтам қағидасын қарастырсақ.. Бұл қағидаға сәйкес бейбіт жиналуларға бостандық құқығын жүзеге асыру мүмкіндігінше сыртқы реттеусіз жүргізілуге тиіс. Бұл дегеніміз жиналуға қатысуға ниет білдірушілер билік органдарынан рұқсат сұрауға тиіс емес. Заңдар жиынтығы жиналулар өткізу пайдастына тоқтамды нақты анықтап, кез келген мүмкін жағдайда заң нормаларын түсіндіруді жинаулар өткізу пайдасына қарастырып және де бұл құқыққа ешқандай бөгеттер қойылмауы тиіс.[7]

Азаматтардың жиналу бостандығын конституциялық тұрғыда қамтамасыз етілуі азаматтарымыздың мемлекеттік басқаруға белсенді қатысуға мүмкіндік береді. Егерде

халықтың бейбіт митинг, пикет, жиналыстар өткізуге бөгет қойылмай, азаматтардың конституциялық құқықтарын сақталуы қамтамыз етілетін болса халқымыздың ойы есепке алына отырып мемлекетіміз олардың аузын жабуға тырыспай керсінше медиация арқылы сұхбат жүргізе отырып проблемаларына шешім табуға тырысса, азаматтарымыз билікке сенімі арта түсуіне күмәніміз жоқ. Халықтың мемлекеттік билікке сенім артуы елімізде демократиялық қоғамның тұрақты орнығуы мен дамуына септігін тигізеді.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1. «Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 қарашадағы N 91 Заңы
2. Беляева Н., Голдбергер Д., Хайдарова М және басқалады. ЕҚЫҰ БДИПЧ есебі. Страсбург 2010. -15-б
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы: ғылыми-практикалық түсіндірме.- Алматы 2015 - 273-б
4. Қазақстан Республикасының Конституциясы (30 тамыз 1995 жылы қабылданған) [http://www.akorda.kz/ru/official\\_documents/constitution](http://www.akorda.kz/ru/official_documents/constitution). (ақпарат алған күн 29.10.2018ж)
5. «Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы» 1995 жылғы 17 наурызындағы 2126 Қазақстан Республикасының Заңы.
6. Руководящий принцип по свободе мирных собарнии. Варшава 2007 ж. <https://www.osce.org/ru/odihr> (ақпарат алған күн: 1.11. 2018 ж)
7. [www.azattyq.org/a/kazakhstan-demonstration-permission-difficulties/29518436.html](http://www.azattyq.org/a/kazakhstan-demonstration-permission-difficulties/29518436.html). (ақпарат алған күн: 1.11. 2018 ж)